«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Алайдаров Ақ-Әділ Әбушахмаұлының «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Алайдаров Ақ-Әділ Әбушахмаұлының «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы» тақырыбындағы орындаған диссертациясы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы екінші қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы негізгі ұстанымдарына негізделеді. Зерттеу тақырыбының өзектілігі «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығына сәйкес орындалған. Докторант Алайдаров Ақ-Әділ Әбушахмаұлының ұсынылып отырған жұмысы докторантурада «8D042» - құқық және заң ғылымының тармақтарында 6D030100, 8D04203 – Құқықтану дайындау бағыттарына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның **маңыздылығы ашылған**/ашылмаған.	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы диссертациялық жұмыс отандық заң ғылымының дамуына **елеулі үлесін қосады.** Қол жеткізілген нәтижелердің ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы еліміздің тұрақты дамуға

			көшу жағдайында сот билігі саласындағы құқық шығармашылық және құқық қолданушылық қатынастар теориясын одан әрі дамытуда болып табылады. Сондай-ақ, аталған диссертациялық жұмыс еліміздің тұрақты дамуға көшу, цифрландыруға көшу жағдайында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларын қолданыстағы құқықтың маңызды қайнар көзі ретінде қарастыра отырып, кешенді түрде зерттеуге арналған және тақырыптың **маңыздылығы ашылған.**
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмысты автордың өзі жазу деңгейі **жоғары** және тәуелсіз зерттеу болып табылады. Зерттеу жұмысын жазу тілі түсінікті және жатық, қазақ тілінде сауатты орындалған. Жұмыста өзі жазу принципі – теориялық және тәжірибелік тұрғыда жүйелі түрде қарастырылған. Зерттеуші бұл принциптің құқықтық актілерде қолданылу ерекшеліктерін нақты нормативтік негіздер мен сот тәжірибесі арқылы дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі елдегі сот төрелігінің әділдігін, құқықтық тұрақтылық пен болжамдылықты қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты күн санап артып келеді. Ізденушінің зерттеу жұмысында диссертация тақырыбының өзектілігі толық **негізделген.**
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын **айқындайды.** Зерттеу жұмысының мазмұны зерттеу жұмысының жоспарымен орынды үйлесім тапқан. Зерттеу жұмысының мазмұны тақырыптың мәнін нақты айқындайды. Жұмыс мәлімделген тақырыпты егжей-тегжейлі қарастырып, зерттеу тақырыбын жан-жақты түсінуді қамтамасыз етеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді;	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Атап айтқанда, зерттеу нәтижесінде нормативтік қаулылардың құқықтық табиғаты жаңаша түсіндірілген, олардың заңнамадағы дәстүрлі құқықтық актілерден ерекшеліктері анықталған. Құқық шығармашылық

		3) сәйкес келмейді.	және интерпретациялық техника аспектілері зерделеніп, Жоғарғы Сот қаулыларындағы құқықтық позициялардың қалыптасуы мен олардың нақты істерді шешудегі маңызы қарастырылған. Құқық қолдану тәжірибесіндегі өзекті мәселелер талданып, нормативтік қаулылардың сот және құқық қорғау органдары қызметінде қолданылуындағы кедергілер мен оларды шешу жолдарын ұсыну арқылы автор алға қойған мақсаттарға қол жеткізіп, зерттеудің міндеттерін орындай білген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың барлық тараулары мен бөлімдері, яғни құрылымы өзара логикалық тұрғыда байланысқан және зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Жалпы зерттеу жұмысы жоғары деңгейде орындалған.
		1) **толық байланысқан;**	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автормен ұсынылған тұжырымдар негізделген, сыни талданған. Зерттеу нәтижелері ғылыми және теориялық тұрғыда негізделген, зерттеу барысында диссертацияда жасалған талдаулар мен тұжырымдар нақты болып табылады.
		1) **сыни талдау бар**;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен ережелері **толығымен жаңа** болып табылады. Қол жеткізілген нәтижелердің ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы еліміздің тұрақты дамуға көшу жағдайында сот билігі саласындағы құқық шығармашылық және құқық қолданушылық қатынастар теориясын одан әрі дамытуда болып табылады. Зерттеу нәтижесінде нормативтік қаулылардың құқықтық табиғаты жаңаша түсіндірілген, олардың заңнамадағы дәстүрлі құқықтық актілерден ерекшеліктері
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			анықталған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары **толығымен жаңа** болып табылады. Зерттеу жұмысында нормативтік қаулылардың құқықтық мәнін талдау арқылы, олардың заңнамалық нормаларды нақтылап, оларға түсініктеме беретін және соттық құқық шығармашылығының негізгі нәтижелерінің бірі болып саналатын, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің ерекше бір түрі екені жөнінде қорытынды жасалған.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Зерттеу жұмысының тікелей техникалық немесе технологиялық шешімдерді ұсынбайтынына қарамастан, басқарушылық сипаттағы құқықтық шешімдерді **толығымен жаңа** ғылыми негізде талдау мен тұжырымдар ұсынылған.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстың барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген.** Диссертациялық жұмыстың теориялық негізін тек конституциялық құқық саласындағы ғана емес, сондай-ақ мемлекет және құқық теориясы, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық құқық және өзге де құқық салаларындағы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдаулары, оқу құралдары, монографиялар, диссертация авторефераттары мен мерзімді басылымдардағы ғылыми жарияланымдары, сондай-ақ статистикалық мәліметтер, ақпарат көздерінен, сот органдарының ақпараттық ресурстарынан алынған материалдар құрайды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар: 1. Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларының құқықтық мәртебесін нақтылау, олардың шегін айқындау арқылы, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары ұғымына авторлық анықтама келтірілген.
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) дәлелденді;	

		2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Бұл ғылыми тұжырым отандық ғылымның осы саласының дамуына елеулі үлес қосады. 7.1 Ереже дәлелденді ме? **Ия, дәлелденген.** Себебі, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары ұғымына өзіндік анықтамасы беріліп отыр. 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? **Ия, жаңа.** Қолданыстағы заңнамада Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысының құқықтық анықтамасы берілмеуіне байланысты, ізденуші Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары ұғымына авторлық анықтама бере отырып, Нормативтік қаулылардың мазмұнына қойылатын бірнеше аспектілерді көрсеткен. 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Ия, жарияланған ғылыми мақалада дәлелденген: Alaidarov A.-A., Agdarbekov T., Nakipov B., Alaidar A., & Abushakhma N. (2020). Judiciary and Its Role in Improving and Developing National Legislation. Academy of Strategic Management Journal, 19(4). https://www.abacademies.org/articles/judiciary-and-its-role-in-improving-and-developing-national-legislation-10220.html 2. Қазақстан Республикасында Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары құқықтың ерекше қайнар көзі болып табылатындығы, себебі, олар заңнаманы ресми түсіндірудің бірден-бір құралы және сот тәжірибесінің біркелкі қолданылуын қамтамасыз ететін актілер екендігі тұжырымдалған. 7.1 Ереже дәлелденді ме? **Ия, дәлелденген.** Себебі, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы құқықтың қайнар көздерінің бірі ретінде маңызды рөл атқарады. Олар сот төрелігінің сапасын арттырып, заңдарды біркелкі және

			дұрыс қолдануды қамтамасыз етеді. 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? **1) ия** 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Ия, жарияланған ғылыми мақалада дәлелденген: Алайдаров А.Ә., Пошанов Н.Н., Паридинова А.Е., Иманбекова М.М., Айдарбекова К.Ж. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы, Том 113 № 1 (2025) - 23 б. 3. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының құқықтық табиғатын талдау негізінде, олардың заңнамалық нормаларды нақтылайтын және оларға түсініктеме беретін, сондай-ақ сот құқық шығармашылығының негізгі нәтижелерінің бірі болып табылатын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің ерекше түрі екендігі тұжырымдалған. 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді** 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? **Ия, жаңа.** ҚР «Құқықтық актілер туралы» заңына тиісті өзгерістер енгізе отырып, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының нормативтік құқықтық актілер иерархиясындағы орнын белгілеуді, сондай-ақ нақтылау мен егжей-тегжейін анықтауға бағытталған заңнамалық ережелермен бір деңгейге қоюды ұсынған. 7.4 Қолдану деңгейі:

			3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Ия, жарияланған ғылыми мақалада дәлелденген: Ағдарбеков Т., Алайдаров А.Э. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының заңдық сипаты және олардың сот төрелігін жүзеге асырудағы тимділік рөлі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. Заң сериясы. - Астана. - 2018. - №5 (65). - 17-20 б.б. 4. Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларының заңнамамен арақатынасын нақтылау қажеттігі, сондай-ақ, кейде Парламент қабылдаған заңдар мен Жоғарғы Сот қаулылары арасында кездесетін қайшылықтарды болдырмау мақсатында бірқатар ережелерді ұсынған. 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? Ия, жаңа. Жоғарғы Сот қаулыларын Парламенттің заң шығару процесімен үйлестіру. Қаулыларды қабылдау кезінде Парламентпен және заң шығару органдарымен кеңесу процесін енгізу, қажет болған жағдайда заңдарды жетілдіру туралы ұсыныстарды заң шығарушы билікке жолдау қажеттігі жөнінде ұсыныстар келтірген. 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Ия, жарияланған ғылыми мақалада дәлелденген: Накипов Б., Алайдаров А.Ә. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларында Конституция мен заңдардың орындалуын қамтамасыз ету // ҚР Конституция

			күніне арналған «Конституция құқық үстемдігінің, азаматтық қоғам мен заманауи мемлекеттің құндылықтарын іске асыру» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана. – 2018, 28-29 тамыз. – 283-290 бб. 5. Соттардың құқық қолдану қызметі барысында Жоғарғы Сот нормативтік қаулыларының ашықтығын қамтамасыз ету қажеттігін тұжырымдайды. 7.1 Ереже дәлелденді ме? Ия, дәлелденген. Себебі, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуде құқықтық ақпараттың қолжетімділігі мен айқындылығын арттыру өте маңызды болып табылады. 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Ия, жарияланған ғылыми мақалада дәлелденген: Алайдаров А.Ә., Әлайдар А.Ә Шет елдерінің құқық жүйелерінде сот процеденті мәселелерінің салыстырмалы құқықтық талдауы // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі». Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. Заң сериясы. – Алматы. – 2019. - №10/2. – 31 – 38 б.б. 6. Құқықтық тұрақтылықты сақтау мақсатында, жоғарғы сот қаулыларын үнемі өзгертпей, тек қажеттілігі дәлелденген жағдайда ғана жаңарту қажеттігі жөнінде тұжырым жасаған. 7.1 Ереже дәлелденді ме? Ия, дәлелденген. Егер, Жоғарғы Сот қаулылары жиі өзгеріске ұшырай беретін болса немесе біркелкі болмаса, құқықтық

			тұрақтылықтың бұзылуы мүмкін екендігін, бұл өз кезегінде еліміздегі түрлі деңгейдегі кәсіпкерлік субъектілері мен азаматтар үшін құқықтық сенімсіздік тудыратындығын негіздеген. 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? Ия, жаңа. Себебі, қаулы қабылдамас бұрын алдымен құқықтық-сараптамалық зерттеулер жүргізу қажеттігі, содан кейін, барлық қаулыларды тұрақты түрде жаңартып, өзгерістерді енгізіп отыру үшін құқықтық базада бірыңғай стандарттарды қалыптастыру қажеттігі туралы жаңашыл ұсыныс жасағандығынан көрінеді. 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? Ия, жарияланған ғылыми мақалада дәлелденген: Alaidarov A., Agdarbekov T., Nakipov B. Judicial law making mechanisms as a source of law // «Ad Alta – Journal of Interdisciplinary Research» (Czech Republic), ISSN 1804-7809. – 2019. -V.9. -Iss.1.-P.96-101. – Special Issue: 7.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу барысында жалпы ғылыми-танымдық әдістер: талдау және синтез, логикалық, жүйелік және құрылымдық функционалды әдістер, салыстырмалы-құқықтық талдау әдістері қолданылған. Арнайы-құқықтық әдістердің ішінде жүйелік талдау әдісі Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын құқықтық жүйенің біртұтас элементі ретінде қарастыруға мүмкіндік берген. Бұл әдіс Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес нормативтік қаулылардың құқықтық реттеудегі рөлін анықтауға бағытталған. Тарихи-құқықтық әдіс арқылы Қазақстандағы нормативтік қаулылардың қалыптасу және даму эволюциясын зерттеуге бағытталған. Формалды-заңдық әдіс нормативтік қаулылардың құқықтық
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	
		2) жоқ.	

			табиғатын және олардың заңдық күшін талдауға мүмкіндік берді. Бұл әдісті қолдану арқылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Қылмыстық-процестік кодексі және Қылмыстық-атқару кодексіндегі құқықтық нормалар мен Жоғарғы Соттың қаулыларында берілген түсіндірмелер салыстырылып, олардың құқық қолдану тәжірибесіндегі орны зерттелген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Иә. Зерттеу жұмысында автор қазіргі кезеңдегі ғылыми зерттеулердің әдістерін және компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктерін қолдана отырып, ғылыми нәтижелерге қол жеткізген: https://adilet.zan.kz/kaz/ – Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі; https://online.zakon.kz/ – ақпараттық-құқықтық жүйесі.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Ия. Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар зерттеулермен дәлелденді және расталды.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбы бойынша жан-жақты әдеби шолу жасауға жеткілікті. Автор заманауи монографияларды, ғылыми журналдардағы мақалаларды, халықаралық шарттар мен отандық нормативтік актілерді қоса алғанда, кең ауқымды дереккөздерге сүйене

			отырып, зерттеу тақырыбын терең түсінетінін көрсетті. Әдебиеттерді таңдаудағы тәсілдер зерттеудің өзектілігі мен әртүрлілігін айкындап, тақырыптың жан-жақтылығы мен күрделілігін ашуға мүмкіндік берді. Ізденуші зерттеу тақырыбы бойынша ауқымды ғылыми шолу жасап, 247 дереккөзді пайдаланған. Зерттеуде классикалық еңбектер мен соңғы басылымдардың үйлесімділігі әдеби шолудың толықтығы мен өзектілігін қамтамасыз етті. Диссертациялық зерттеуде ғылыми әдебиеттер, оқулықтарға және ғылыми мақалаларға сілтемелер жеткілікті деңгейде расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға толығымен жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындыларының мемлекет және құқық теориясы, конституциялық құқық және іс жүргізу құқығы салаларының теориялық әрі практикалық тұрғыдан нығаюына септігін тигізеді. Зерттеудің нәтижелері мен қорытындыларын мемлекет және құқық теориясы, конституциялық құқық саласындағы ғылыми зерттеу жұмыстарында, жоғарғы оқу орындарында «Құқық қорғау органдары» пәні бойынша теориялық курстарды өткізу кезінде қолдануға болады.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындыларын сот билігінің қызметін реттейтін нормаларды соттың қолдану мәселелеріне қатысты қатынастарды, сондай-ақ конституциялық, азаматтық және азаматтық іс жүргізу, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіруге бағытталған құқық шығармашылық қызметінің барысында қолдануға болады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертацияда ұсынылған ұсынымдар мен тұжырымдар толығымен жаңа және деректер бұған дейін қолданылмаған практикалық ұсыныстармен толықтырылған. Ұсыныстар құқықтық қатынастар саласында кеңінен қолданылуы қажет деп санаймын.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан	

		кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған. Жалпыға түсінікті қарапайым және ғылыми стильде жазылған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияда сот тәжірибесі мен нақты істер негізінде нормативтік қаулылардың қолданылу мысалдары аз қамтылған. Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын қолдану барысында соттарда туындайтын нақты құқықтық мәселелер бұдан да тереңірек талданғанда зерттеу жұмысының құндылығы арта түсер еді. Аталған ескертулер диссертациялық зерттеудің мазмұны мен құндылығын төмендетпейді және ұсынымдық сипатта болады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертацияның негізгі ережелері мен қорытындылары 10 ғылыми мақалада жарияланған. Атап айтар болсақ, Scopus және Web of scıence деректер қорына кіретін шетелдік ғылыми басылымдарда 2 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы бақылау комитеті бекіткен тізімдегі журналдарда 3 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 5 мақала жарияланған. Жарияланған мақалалардың барлығы да жоғары деңгейде зерттелген ғылыми еңбек болып табылады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына толық сәйкес келеді. Осыған орай, Алайдаров Ақ-Әділ Әбушахмаұлының «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңесте қорғауға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Алайдаров Ақ-Әділ Әбушахмаұлының «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың қайнар көздері ретінде маңыздылығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

«ҚР Президентінің жанындағы
ҚР Ұлттық ғылым академиясы» КЕАҚ
«Білім және қоғамдық даму ғылымдары»
бөлімшесінің ғылыми хатшысы,
з.ғ.к., қауымдастырылған профессор

КАДР БӨЛІМІ

Адилова Күлтай Ағытайқызы